

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ CURRENT PROBLEMS OF LINGUISTICS AND LITERARY

ӘОЖ 811.512.1

П. Бидола¹, М. Тұрсынова²

¹Іле педагогикалық университеті, Құлжа, Қытай;

²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: t_marhaba@mail.ru)

Көне және қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық сабақтастық

Мақалада тарихи-салыстырмалы зерттеу арқылы қазақ тіліндегі кейбір атаулардың басқа түркі тілдеріндегі қолданысына талдау жасалған. Зерттеу барысында аталған сөздердің көне түркі тіліндегі қолданысы, этимологиясы сөз болып, қазіргі түркі тілдеріндегі нұсқаларымен салыстырылған. Көне түркілік қолданысының кей түркі тілдерімен ортақтығы, тілдің дамуына қатысты өзгеріске түскен тілдердегі көрінісі мысалдармен дәлелденген. Әр сөздің қазақ тіліндегі қолданысы жеке қарастырылып, жалпы түркі тілдеріндегі ортақтықтары мен ерекшеліктері көне түркі және қазіргі түркі тілдерінің этимологиялық сөздіктері, зерттеу еңбектері негізінде сараланған.

Кілт сөздер: салыстырмалы-тарихи зерттеу, түркі тілдерінің салыстырмалы лексикасы, түркі тілдеріне ортақ атаулар, көне түркі тілі.

Бүгінгі күні өмір сүріп отырған түркі халықтарының мыңдаған жылдық тарихы бар екендігі белгілі. Бұл олардың қалыптасуы мен дамуынан, тарихынан, мәдениеті мен өнерінен де көрінеді. Солардың бірі – түркі халықтарының тіліне қатысты мәліметтер. Түркі халықтарының жүріп өткен жолынан, бірнеше кезеңдерге қатысты жазба ескерткіштерінен және бүгінгі жеке тілдердегі өзіндік ерекшеліктерінен де тілдік деректерге тән өзгешеліктерді көруге болады.

Түркітануға байланысты тарихи-салыстырмалы зерттеу жүргізу арқылы көне жазба мұраларында қолданылған, түркі тілдеріне ортақ болып саналатын жеке сөздердің тарихи дамуын байқай алатынымыз белгілі. Бір тіл көне түркілік тектестікті сақтаса, кей тіл өзіне ғана тән заңдылықтармен дамиды, ал келесі бір тіл басқа тілдің ықпалына түседі. Сондай сөздердің қатарына көне түркілік *будун, үгүз, саб, адағ, йай* сияқты сөздерді жатқызуға болады.

Көне мұраларда қолданылған *будун* сөзі қазіргі қазақ тіліндегі *халық* сөзі екені белгілі, себебі көне тілде *ел, жұрт* сөздері де кездеседі: *Чығай будуның бай қылтым* – Жарлы халықты бай қылдым; *Он оқ беглері будуны көп келті, йүкүнті* – Он оқ бектері халқы көп келді, жүгінді; *Іл йеме ілі болты* – Ел және ел болды; *Аңар көрү білің, түрк емті будун беглер!* – Бұған қарап білің, түркінің ендігі халқының бектері! *Аз қырқ аз будуның йара тып келтіміз, сүңүсдіміз, ілін йана біртіміз* – Көгмен жер-суы иесіз қалмасын, — деп, аз қырыз аз халықтарын құрап келдік, соғыстық, елін қайта бердік.

Қазақ тілінде *халық* сөзі төл сөзіміз болмағанымен, бұл сөзге синонимдес *ел, жұрт, қауым, халайық, әлеумет, жамағат, жаран* сөздері кездеседі [1] және «белгілі бір елді, мемлекетті мекендейтін адамдардың жалпы жиыны» және «ел-жұрт, бұқара, көпшілік» [2] сипатында түсіндірілген және бұл сөздің араб тілінен енген «жаратушы» деген мағына береді.

Халық сөзі көптеген түркі тілдерінде, фонетикалық ерекшеліктерді есепке алмағанда, қазақ тілімен ортақ сипатта кездеседі: *халāх* (чуваш), *халық* (башқұрт, татар), *halk* (түркімен), *калк* (қырғыз) т.б. Мысалдар: *чаваш халāх* (чуваш халқы), *бөтә планета халқы* (бүкіл әлем халқы), *башқорт халқы* (башқұрт халқы), *урамда бик күп халық йыйылды* (көшеде халық көп жиналды).

Түркі тілдерінің бәрінде дерлік «халық» сөзімен мағыналас бірнеше сөз бар: *halk, millet, halkuuyet* (түркімен), *халāх, сынсем, йыш* (чуваш), *эл, калк* (қырғыз), *юрт, адам, гиши, инсан* (құмық) т.б.

Кей тілдердегі сипаты сәл өзгешелеу: хақас тілінде *чон* сөзі қолданылса, әзербайжан тілінде «адам» сөзіне көптік жалғау жалғану арқылы *адамлар* түріндегі нұсқалары, ал якут тілінде орыс тіліндегі «народ» сөзінің фонетикалық өзгеріске түскен түрі *наруот*, тува тілінде «кижи» сөзіне қосымша *чон, хамааты, суур* сөздері кездеседі.

Халық сөзіне қатысты осындай ортақтықтар мен сәл-пәл өзгешеліктерді есепке алмағанда, көне түркілік *будун* сөзі қазіргі түркі тілдерінде орын алмағанын көреміз. Араб тілінен енген «халық» сөзінің фонетикалық нұсқалары көп қолданылады.

Жылдың төрт мезгілінің бірін білдіретін *жаз* сөзінің көне мұраларда *йай, йаз* нұсқалары бар болғанымен, «жаз» сөзінің «көктем» сөзімен мағыналас келетін деректер бар. *Оғузғару йазын сү ташықдымыз* – Жазда әскермен оғызға қарсы шықтық. «Көне түркі сөздігінде» *йай – жаз* [3; 226], *йаз – көктем* [3; 250] мағынасында берілсе, М.Қашқари сөздігінде: *иаз – жаз. Иазын қатығанса, қышын севнүр* – Жазда қатуланса, қыста сүйінер; *йай – көктем. Күз келігі йайын белгүлүг* – Күздің келетіні көктемнен белгілі [4; 221, 222] сипатында және көне түркі тілінен берілген басқа мысалдарда *Йай анта йайладым* – жазда анда жайладым; *Йай көркіңе ынанма, Сулар үзе тайанма. Есізлікің анұнма, Тылда шықар едгү сөз* болып берілген.

Аталған сөздің қазақ тіліндегі нұсқасы *жаз* болғанымен, басқа түркі тілдерінде бірізді емес және туыстас тілдерден фонетикалық нұсқаларындағы айырмашылықпен қоса, лексикалық та ерешеліктерді көре аламыз. Әзербайжан (*йай*), татар (*жәй*), башқұрт (*йәй*), өзбек (*ёз*), ұйғыр (*яз*), қырғыз (*жай*), тува, хақас (*чай*) тілдеріндегі нұсқаларында дыбыстық ерекшеліктер болса, якут тілінде «сайын», түркімен тілінде «томус» сөздері арқылы беріледі. Қырғыз тілінде «жай» сөзі біздің тіліміздегі «жаз» сөзімен, ал «жаз» сөзі «көктем» сөзімен мағыналас.

Қазақ тіліндегі «жайлау» сөзінің мағынасын «жаз жайлайтын жер» деп 3-й дыбыстық сәйкестіктерімен түсіндірсек те, арғы негізі «йай» екендігі көрінеді. Сонда «жайлау» сөзін «жаз» сөзіне егістік *тұғызатын -ла* жұрнағы жалғанғанда 3-ның *й*-ға сәйкестігі нәтижесінен (*жай+ла+у*) «жайлау» сөзі жасалып тұр дегеннен, түбірі көне түркілік *йай* (жай) арқылы орныққанын түсіндіре аламыз. Оның үстіне қазақ тіліндегі «*нанды жайдым* – нанды жаздым, *көрпені жайдым* – көрпені жаздым» сипатындағы нұсқалардан да ұқсастық көре аламыз. Ал басқа түркі тілдеріндегі дыбыстық ерекшеліктер көне және қазіргі тілдер арасындағы *й-ж* (қырғыз – *жай*), *й-ч* (хақас – *чай*), ал якут тіліндегі «сайын» сөзінің *й-с* арқылы орныққан «сай» сөзіне қатысты деп болжауға болады. Себебі көне түркілік *-й* алтай тілінде *д* (*дос, док*), тува хақас, шор тілдерінде *ч*- (*час, чок*), якут тілінде *с*- (*сас, суох*), қарашай балқар, қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар тілдерінде *ж*- (*жаз, жоқ*), қарашай-балқар тілінің малқар диалектісінде 3- түрінде дамыған [5;159].

Қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда өзгеріске түскен көне түркілік сөздердің бірі – *үгүз* сөзі. Көне түркі тілінен келтірілген мысалдар арқылы бұл сөздің қазақ тіліндегі нұсқасы «өзен» сөзі екені белгілі: *Сантуң балыққа Талуи үгүзке тегүртім* – Шантуң қаласына, Теңіз өзеніне жеткіздім. *Алтун йысығ йолсузын астым, Ертіс үгүзүг кечігсізін кечдіміз* – Алтын жерін жолсызбен астым, Ертіс өзенін кешпес ізбен кештім. *Ертіс үгүзіг кече йорыдымыз*. – Ертіс өзенін кеше жүрдік. Ертіс үгүзіг кече йорыдымыз, түргіс будунығ уда бастымыз – Ертіс өзенін кешіп өттік те, түргеш халқын ұйқыда бастық. *Ечүм қаған бірле ілгерү Йашыл үгүз, Шантуң йазықа тегі сүледіміз* – Ағам қағанмен бірге ілгері Жасыл өзенінен Шантуң жазығына дейін соғыстық. *Йана йорып, соғдақ будун ітейін тійін, Йінчү үгүзіг кече, Темір қапығқа тегі сүледіміз* – Және жүгіріп соғдыны халық етейін деп, Сырдария өзенін кешіп өтіп, Темір қақпаға дейін соғыстық.

Жоғарыдағы мысалдардағы «үгүз» сөзі – қазіргі түркі тілдерінде сақталмаған, өзгеріске түскен сөздердің бірі. Бұл сөздің салыстырылған тілдерде *елга* (татар), *йылга* (башқұрт), *дарё* (өзбек), дәрия (ұйғыр), *өзөн* (қырғыз), *хем* (тува), *өрүс* (якут), *суғ* (хақас), *дерия* (түркімен) нұсқалары кездеседі және ешбір тілде көне мұралар тілімен ортақтық көріне қоймайды. Тува тіліндегі «хем» сөзінен басқасы, яғни, «өзен, дария, су, өріс, жылға» сөздері қазақ тіліндегі аққан сумен қатысты мағыналас сөздер.

Көне түркілік «саб» қазіргі қазақ тіліндегі «сөз» деген мағынаны береді: *Тоқуз оғуз беглері, будуны, бу сабымын едгүті есід, қатығды тыңда!* – Тоғыз оғыз бектері, халқы, бұ сөзімді жақсы есіт, қатты тыңда! *Неңнен сабым ерсер, беңгү таишқа уртым*. – Айтар сөзім болса, тасқа жаздым. *Сабымын түкеті есітгіл* – Сөзімді түгел есіткің. *Сүчіг сабын, йумчақ ағын ерүр, ырақ будунығ анча йағытур ерміс* – Тәтті сөзің, жұмсақ қазынасын беріп, алыс халықты өзіне жақындатқан еді.

М.Қашқари сөздігінде де «сөз» [4; 177] нұсқасында берілген бұл сөз «саб» сипатында қазіргі түркі тілдерінде орын ала қоймаған, себебі барлық түркі тілдерінде «сөз, сүз, һүз, суз, сөс, тыл» түрінде кездесіп, аздаған фонетикалық ерекшелік қана көрінеді. Чуваш тілінде бұл сөз «самах»

ретінде қолданылып, көне түркілік «саб» нұсқасына біршама жақындай түседі: *иккемешле самах* – туынды сөз; *тұхура самах ил* – жиналыста сөз алу; *самахсарах анлан* – сөзсіз түсіну; *самах йрекелех* – сөз бостандығы; *самах нар* – сөз беру; *пер самахна каласан* – бір сөзбен айтқанда.

Сөздік қазынасының негізі сақталып келгенмен, ондаған сөздердің бұл күнде, мысалы, қазақ тілінде қолданылмайтындығын білеміз. Дегенмен, қай түркі тілі болмасын, өздерінің бүгінгі лексикалық қазынасында көне сөздерді ішінара сақтап қалғандығы да байқалады. Мысалы, қазақ тілінде «мүлік» мағынасындағы көне түркілік *барым* сөзі, «шақыру» мағынасындағы *оку*, «сөйлеу, сөз» мағынасындағы *саб* (сөз саптау «сөз сөйлеу»), «кедей» мағынасындағы *шығай* (Шықбермес Шығайбай) деген сөздер тұрақты тіркестердің құрамында немесе жалқы есімдердің аталуында сақталған [6; 47–78].

Яғни қазақ тіліндегі көне түркілік «саб»-тың орнына «сөз» орныққанымен, «сөз саптауы» деген тіркестен «саб»-ты кездестіре аламыз. Осыған орай қазақ тіліндегі «күш-қайрат, ар-намыс, құр босқа, құр текке, көр соқыр, шынайы таза» сияқты қосақтап қолданылған мағыналары бірдей немесе жуық сөздер, яғни плеоназмдардың, қатарына «сөз саптауы» дегенді де жатқызуға болар. Сол сияқты көне түркілік «талуй» сөзі «теңіз» мағынасын беріп, қазақ тіліндегі «телегей теңіз» тіркесінде қолданылатыны айтылады. Ал «талуй» түрінде, яғни, «теңіз» мағынасын беретін сөз Сібірдегі кейбір түркі тілдеріне тән.

Қазақ тілінде «аяқ (айақ) сөзі де көне түркі тілімен салыстырғанда *д-т-з-й* дыбыстық сәйкестіктері арқылы орныққандығын және түркі тілдері фонетикасына байланысты өлшем ретінде зерттеушілер көрсететіні белгілі: «Қазақ тіліндегі *адақтау/аяқтау/бітіру, тауысу* сөздері мағына жағынан сәйкес, о бастағы бір сөз, бүгінде екі түрлі айтылады. *Атақ/адақ* сөздеріндегі *й* мен *д* дыбысының сәйкестігі көне тілден қалған бір ерекшелік. Егер осы сөздің қазіргі түркі тілдеріндегі вариантын салыстырып көрсек, олардың көпшілігінде *аяқ* (айтылуда *айақ*) түрінде кездеседі де, хақас тілінде *азах*, якут тілінде *атах* түрінде қолданылады. Бұл мысалдардан *й, з, т* дыбыстарының сәйкестік қасиетін аңғарамыз» [7; 90] Көне тілден мысалдар: *Түрк будун адақ қамаштды* – Түрк халқының аяғы әбден шаршады. *Түрк будун адақ қамаштды, йаблақ болтачы ерті* – Түркі халқының аяғы әлсіреді, жаман қалжырады. *Күміш күнге ұрса, алтұн адақын кемір*. – Күміс күнге қонса, алтын аяғымен келер. *Иүз ат менің ағдын кешти*. – Менің аяғымның арасынан жүз ат өтті. *Өкүз азақы болғынша бұзағу башы болса ииг*. – Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі.

Бұл сөздің басқа тілдерде «аяқ, айақ, оёк, атах, азах» фонетикалық нұсқалары, сондай-ақ «бут, пут» қолданыстары қырғыз, тува, ұйғыр тілдерінде бар. Басқа түркі тілдерінен ерекше «ура» сөзі чуваш тілінде кездеседі және бұны зерттеушілер *д-т-з-й-р* дыбыстық сәйкестіктерімен түсіндіреді [7; 208]. Ал «айақ» немесе «азақ, атақ» сөздерінен «ура» сөзіне жақындыққа қарағанда, «ұр» сөзімен байланыста қараған дұрыс сияқты.

«Қарындас» сөзі – жалпы түркі тілдеріне ортақ сөз, бірақ қазақ, қарақалпақ тілдерінде ғана еркек адамның өзінен жасы кіші бауыры мағынасында қолданылады екен.

«Қарындас» сөзін М.Қашқари сөздігінде «бір қарыннан шыққан» деп түсіндіретіні сияқты бұл сөз басым түркі тілдерінде «ағайын, туыс» сипатында беріледі.

Түркі тілдерінде «қарындаш, кардаш» болып қолданылған сөздердің кейбіреуінде мағыналық айырмашылық болса, кей тілдерде айырмасы жоқ. Тува, чуваш, якут, өзбек, түркімен, башқұрт тілдерінде «қарындаш, кардаш, хуранташ, харындаш, кериндаш» сөздері екі нұсқада бар болса, алтай, қырғыз, қазақ, қарақалпақ, хақас тілдерінде тек «қарындас» сөзі, гагауз, татар тілдерінде «кардаш» сөзі бір нұсқада ғана кездеседі. Өзбек, түркімен тілдерінде «кариндош, гарындаш» сөздері «туған-туыс, ағайын» мағыналарын, «кардош, гардаш» сөздері «аға, дос, жолдас» мағыналарын береді. Сондай-ақ көптеген тілдерде «туған-туыс, ағайын» мағынасындағы бұл сөз хақас (*харындас*), әзербайжан (*гардош*), гагауз (*кардош*) тілдерінде «аға, іні» мағыналарына сай келсе, түрік тілінде «кыз кардеш, еркек кардеш» болып қолданылады.

Көне түркі тілі лексикасын қазіргі қазақ немесе басқа түркі тілдерімен салыстыру барысында ортақтықтар пен өзгешеліктер де көзге түседі. Осылардың біразын Ғ.Айдаровтың «ҮІІІ ғасырдағы Құтлығ қаған (Онгин) ескерткіші» еңбегі [8] арқылы да дәлелдей көрсетуге болады:

Будун – халық. *Чығай будунығ бай қылтым* – Жарлы халықты бай қылдым.

Су – әскер. *Қамуқ балыққа тегдім қунладым алтым сүсі келті* – Көп қалаға шабуыл жасадым, жорық жасадым, жаулап алдым. Әскері келді.

Ечі – әже. *Ечүміз* – әжеміз.

Йотаз – әйел. *Йотазын анта алтым* – Әйелін сонда алдым.

Қунчуй – бикеш (бектердің әйелі). *Сіңлім қунчуйлығ біртiмiз* – Қарындасым бикешті бердік.

Табышқан – қоян. *Табышқан йыл бiсiнч айқа тегдiм* – Қоян жылы бесінші айда жеттім.

Бедiзчi – шебер, суретші (өрнекші). *Бедiзiн бедiзтi, олурты* – Өрнегін өрнектеп отырды.

Барқ – сарай. *Барқын йулмадым* – Сарайын алмадым.

Балық – қала. *Қамуқ балыққа тегдiм қунладым алтым сүсi келтi* – Көп қалаға шабуыл жасадым, жорық жасадым.

Битiг – хат, жазу. *Бу битiг битiгме атысы Йоллығ тiгiн* – Бұл хатты қағанның немересі Йоллығ тегін жаздым.

Айғучы – кеңесші. *Айғучысы биле ермiс* – Кеңесшісі білгіш еді.

Сү – әскер. *Сүсi келтi* – Әскері келді.

Йағучы – қолбасшы. *Йағучысы бен ертiм* – Қолбасшысы тағы мен едім.

Чығай – кедей. *Чығай будунығ бай қылтым* – Жарлы (кедей) халықты бай қылдым.

Баз – бейбітшілік. *Төрт будундақы будунығ қоп баз қылтым* – Дүниенің төрт бұрышындағы халықты көп бейбіт еттім.

Чаб, саб – сөз. *Сабымын түкетi есiтгiл* – Сөзімді түгел есіткім.

У – ұйқы. *Қырқ аз будунығ уда басдым* – Қырқ аз халқын ұйқыда бастық.

Бедүк – биік.

Сүчiг – тәтті. *Сүчiг сабын* – тәтті сөзін.

Учүз – арзан. *Учүз ертi* – арзан еді.

Ыд – ыт, жібер. *Табғаш қағаның iчрекi бедiзчiг ыты* – Табғаш қағаны іштегі бедізісін жіберді.

Тег – жет. *Түпүтке кiчiг тегмедiм* – Тибетке кішкене жетпедім.

Көне түркі тілімен салыстырғанда қазіргі түркі тілдерінде қолданыстан шыққан немесе сөздік қорда кездесе қоймайтын сөздердің қатарына *ечi* (әже), *табышқан* (қоян), *сү* (әскер), *чығай* (кедей) сөздерін жатқызуға болады.

Қазақ тіліндегі «әже» мағынасындағы көне түркілік «ечi» сөзіне жақын сөз *иче*, *ууча* түрінде хакас тілінде қолданылғанымен, басқа тілдерде өзгеріске түскендігін *асане* (чуваш), *эбэ, эбээ* (якут), *буви* (өзбек), *нәнә* (әзербайжан), *ене, мама* (түркімен), *эне* (қырғыз), *әби* (татар) т.б. сияқты қолданыстардан көре аламыз. Мысалы, *Эбээ, сизнин кэллэ* – Әже, сенің немерең келді (якут).

«Әскер» сөзінің көне түркілік сипатындағы «сү» [3;516] сөзіне әрі лексикалық, әрі фонетикалық жағынан ұқсас қолданыс чуваш тіліндегі *салтак, сар сынни* сөздермен үндес келетінін, ал басқа тілдерде түркілік емес *аскар* (өзбек), *әскәр* (әзербайжан, ұйғыр), *ескер* (түркімен), *гаскер* (татар, башқұрт), *аскер* (қырғыз) сөздері орныққан. Мысалы, *Рақсей сар сыннисем* – Ресей әскері (чуваш).

Көне түркілік «табышқан» сөзінің қазақ тіліндегі қолданысы «қоян» сөзіне сәйкес келеді: *Табышқан йыл бiсiнч айқа тегдiм* – Қоян жылы бесінші айда жеттім. Бұл сөз алтай, қырғыз тілдерінде *коён*; башқұрт, чуваш, татар тілдерінде *қуян*; қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, түркімен, ұйғыр тілдерінде *қоян*; тува тілінде *кодан*; өзбек тілінде *қуён*; хакас тілінде *хозан* деп кездеседі [Иссл.,136]. Түркі тілдерінің көбінде *қоян* сөзіне *ақ, сұр, ор* сөздері тіркесіп келген жағдайда қоянның түрлерін білдіреді.

Махмұт Қашқаридің сөздігінде «қоян» мағынасында *тауышқан* сөзі қолданылған [4]. Қазіргі түркі тілдерінің ішінен әзербайжан тілінде *довшан*; гагауз, құмық, түрік тілдерінде *тавишан*; түркімен тілінде *товшан*; якут тілінде *қуобах* деп кездеседі. Көне түркі тілінде *табыш* сөзі секіру мағынасын білдіреді. *Тавышқан* сөзінің шығуы осы етістікпен байланысты болуы керек. Осы сияқты орыс тіліндегі «заяц» сөзінің әсерінен чуваш тіліндегі «қоян» мағынасындағы *сайкка* сөзін айтуға болады.

Көне мұраларда кездесетін «чығай» сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы – «кедей» немесе «жарлы» сөздері: *Чығай будунығ бай қылтым* – Жарлы (кедей) халықты бай қылдым. Туыстас тілдерде *камбағал* (өзбек), *иохсул* (әзербайжан), *чох кiзi* (хакас) *кедей* (қырғыз), *ярлы, фәкир* (татар, башқұрт) т.б. сөздер орын алған. Көне қолданысқа ұқсас сөз чуваш тіліне тән. Бұл тілдегі «чухан, юрлә, ситмен, сук» сөздерінің ішінде *чухан* көне түркілік *чығай* сөзімен үндес екендігі көрінеді. Мысалы, *чухан хресчен* (кедей шаруа); *жить бедно сук пурнәсна пурән* (кедейшілікте өмір сүру), *örän garur bolupdur – ол өте кедей еді* (түркімен) т.б.

Ескі жазба ескерткіштердегі «балық» сөзі қазіргі біздің тіліміздегі «қала» және «балық» [3; 80] сөздерімен үндескенімен, көп жағдайда «қала» мағынасында қолданылады: *Қамуқ балыққа тегдiм қунладым алтым сүсi келтi* – Көп қалаға шабуыл жасадым, жорық жасадым. Ал қазіргі туыстас тілдерде *хула* (чуваш), *шахар* (өзбек), *шахер* (түркімен), *шаар* (қырғыз), *кала* (башқұрт) т.б.

нұсқалары да бар. Якут тіліндегі «куорат» сөзі орыс тілінің әсерінен «город» сөзі арқылы орныққан. Мысалы, *хула хёррисем* – қаланың шеті, *хула тулашёнче кан* – қала шетінде дем алу (чуваш).

Түркі тілдері салыстырмалы лексикасына байланысты көне мұралар тіліне сай келетін мұралар тіліне сай келетін кей сөздерді қазіргі туыстас тілдермен салыстыру барысында ортақтық басым бола тұра, кей тілдердің ішкі заңдылықтарына сай келетін ерекшеліктер де кездесіп отырады.

Түбі бір түркі тілі болғанымен, кей халықтар бірлікте өмір сүрсе, кей халықтар басқа топтағы тілдермен көп араласты, бөтен тілден енген сөздердің қатары мол болды. Дегенмен де сол тілдердің туыстығын дәлелдейтін, тарихын көрсетіп, тілдің ортақтығын көрсете алатын сөздер көптеп саналады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Синонимдер сөздігі. — Алматы: Арыс, 2007. — 640 б.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1986. — 512 б.
- 3 Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969. — 676 с.
- 4 *Қашқари М.* Түрік сөздігі. — I-т. — Алматы: Хант, 1997. — 375 б.
- 5 *Щербак А.М.* Сравнительная фонетика тюркских языков. — Л.: Наука, 1970. — 204 с.
- 6 *Сыздықова Р.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 320 б.
- 7 *Қайдар Ә., Оразов М.* Түркітануға кіріспе. — Алматы: Арыс, 2004. — 360 б.
- 8 *Айдаров Ф.* VIII ғасырдағы Құтлығ қаған (Онгин) ескерткіші. — Алматы, 1989. — 51 б.

П. Бидола, М. Тұрсунова

Лексическое созвучие древних и современных тюркских языков

Статья посвящена проблеме сравнительного исследования лексики тюркских языков. Путем сравнительно-исторического метода были проанализированы особенности употребления некоторых понятий казахского языка в древнетюркском языке, определена этимология названных понятий, а также проведено сравнение с вариантами в современных тюркских языках. Выявлены общие характерные особенности употребления древнетюркских форм с формами в современных тюркских языках, а изменения в их употреблении в некоторых языках подтверждены анализируемым языковым материалом. На основе анализа этимологических словарей древнетюркского языка и современных тюркских языков, других научных исследований рассмотрены отдельные слова казахского языка с точки зрения их сходства и различия со словами других тюркских языков.

P. Bidola, M. Tursunova

Lexical harmony of ancient and modern Turkic languages

Article is devoted to a problem of comparative research lexicon of Turkic languages, by a comparative-historical method of research features of the use of some concepts of Kazakh of other Turkic languages are analyzed. During the analysis features of the use of these words drevnetyurksky language come to light, the etymology of the called concepts is defined, and also are compared to options in modern Turkic languages. Authors the general characteristics of the use the drevnetyurkskikh of forms with forms in modern Turkic languages come to light and changes in their use in some languages are confirmed by the analyzed language material. On the basis of etymological dictionaries of drevnetyurksky language and modern Turkic languages, other scientific researches words of Kazakh separately are considered, their general signs and distinctions in Turkic languages are defined.

References

- 1 *Dictionary of synonyms*, Almaty: Arys, 2007, 640 p.
- 2 *Explanatory dictionary of Kazakh*, Almaty: Gylym, 1986, 512 p.
- 3 *Old Turkic dictionary*, Leningrad: Nauka, 1969, 676 p.
- 4 *Kashkari M. Dictionary of Turkic language*, I, Almaty: Khanty, 1997, 375 p.

- 5 Shcherbak A. M. *Comparative phonetics of Turkic languages*, Leningrad: Nauka, 1970, 204 p.
- 6 Syzdykova R. *History of the Kazakh literary language*, Almaty: Ana tili, 1993, 320 p.
- 7 Kaydar A., Orazov M. *Introduction to Turkology*, Almaty: Arys, 2004, 360 p.
- 8 8. Aydarov G. *Monument of Kutlyg (Ongin) kagan 8 th centuries*, Almaty, 1989, 51 p.

Репозиторий қарғу